

«Бекітемін»

№1 «Акерке» бобокжай-балабақшасының
менгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы Н. Санкебаева



Вариативтік бөлім

«Бәрін білгім келеді»

«Балдәурен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Тажибаева Н
Шманова А

Қазалы қаласы 2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ, тіл жаттығулары балалардың:

- нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындайды;
- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- елестету арқылы қиялын дамытады;
- әр кейіпкердің рөліне енуі үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қиын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айтып үйренеді;
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырған бағдарламада саусақ, тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің үлгілері берілген.

Өзектілігі

Бәрін білгім келеді ойындарының өзектілігі баланың дамуына арналған орта ұйымдастыру. Баланың өз бетімен жұмыс жасауына келергі келтірмеу, тек қана бір жағдайда көмектесу керек, тек қана өзі көмек сұрағанда. Балаға айналы қоршаған ортаны тануға көмектесу, соған арнайы жағдай тудызу. Баланың қызығушылығын ояту, дамыту. Мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық үрдісінде дамытушы ортаның рөлі. С.Л.Новоселованың пікірінше, дамытушы заттық орта балалардың дербес шығармашылық және ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар, ойыншықтар, құралдар, іс-әрекетінің материалдық нысаналардың жүйесі. Оның басты бағыттарының бірі балаларды әлеуметтендіру және оған сәйкес заттық дамытушы орта құру. «Заттық ортаны» осылайша игерудің баланың тұлғалық жағын дамыту, бұйымдық әлемге шығармашылық көз қарасын ояту үшін зор маңызы бар. Баланы әлеуметтендіруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақтың зерттеу мәселесі деп есептейміз. Заттық орта әр түрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады. Заттық ортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндік үрдістер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көру не есту керек.

емес. Психологиялық дамуда заттық үрдісінің ролін бағалай отырып, белгілі бір білім мен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды. Ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажет.

Мектепке дейінгі оқу тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында шынайы өмірде тиімді ету қабілеттерін дамыту.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

Міндеттері:

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

Күтілетін нәтиже: Балалардың тілін дамиды, қоршаған ортада еркін өздерін дұрыс ұстай алады, өз ойын толық жеткізе біледі. Қарым- қатынас дұрыс жолға қойылып, бір – біріне деген ыстық ықыластар пайда болады.

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат |
|---|----------|---------|-------|
|---|----------|---------|-------|

| | | | саңы |
|----|-------------------------------|---|------|
| 1 | Менің отбасым | Балаларға отбасы мүшелері туралы тақпақтар жаттата тіл байлықтарын байыту. Өз отбасы туралы жақсы ой – тілектерін достарымен бөлісуге үйрету. Мақал – мәтелдер жаттату. Отбас мүшелерін құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | Менің атам мен әжем | Балаларға өз ата әжелерімен бірге нағашы ата әжелері бар екенін түсіндіру. Нағашы жұрттың кім екенін үйрету. Мақал - мәтелдер жаттату. Отбасы мүшелерін құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | Менің бауырларым | Отбасындағы туыстық қатынас туралы білімдерін жетілдіре түсу. Аға, іні, қарындас, әпке туралы түсінік беру. Мақал – мәтелдер мен жаттау жаттату. Отбасындағы татулыққа тәрбиелеу | 1 |
| 4 | Отбасындағы мерекелік дәстүр | Отбасындағы мерекелік дәстүрлер туралы айтуға, балалардың танымдық көзқарастарын молайта түсу. Мақал - мәтелдер жаттата, мақтаншпен әңгімелете, татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу | 1 |
| 5 | Мамандықтар | Адамдардың әртүрлі мамандықтар туралы балалардың білімдерін жетілдіру. Балалардың мұнайшы, шахтер құрылысшы мамандықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Пайдалы қазба байлықтары және олардың алыну жолдары, олардан не жасалатыны жайлы түсіндіру | 1 |
| 6 | Алтын күз | Жомарт күздің жомарттығы туралы айту. Күз туралы мақал - мәтелдер жаттау, жыл мезгілінің ішіндегі күз туралы санамақ жаттата танымдылықтарын арттыру | 1 |
| 7 | Ас – атасы нан | Біздің елдің басты басты байлығымыз туралы мағұлмат беру. Нан туралы ырымдар мен мақалдар жаттату. | 1 |
| 8 | Ойыншықтар әлемі | Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беріп, тақпақтар жаттату. Достыққа тәрбиелеу. Мақал - мәтел жаттату | 1 |
| 9 | Соқыртеке ойыны. | Қазақтың ұлттық ойыны соқыр текені ойната, тақпақтар жаттату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, татулыққа, достыққа тәрбиелеу | 1 |
| 10 | Көліктегі әдептілік | Көлік ішіндегі мінез – құлық ережелерін сақтауға үйрету | 1 |
| 11 | Отбасы | Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп қоштасуға, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Көз бұлшықеттерін шынықтыру | 1 |
| 12 | Жануарлардың қысқы тіршілігі. | Төрт түлік малдың пайдасы туралы түсіндіру Көз бұлшықеттерін жаттықтыру | 1 |
| 13 | Жыл құстары | Құстарға қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға, аялауға әдістемелік құрал тәрбиелеуге. Көз бұлшық еттерін шынықтыру | 1 |
| 14 | Қайтып келер жаз | Жаз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Жаз айларында айналада болатын өзгерістерді, | 1 |

| | | | |
|----|--------------------------------|--|---|
| | | табиғаттағы ерекшеліктерді бақылай білуге үйрету. Көз қимылын дамыту. | |
| 15 | Х.А. Қамзаұлы Оқу құралдары | Балалардың білімге қызығушылығын арттыру. Оқу құралдары туралы түсінік беру. Оларды күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | Жасыл дәріхана | Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажеттігі мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 17 | Алма, Е. Сүтеев | Балаларды бір – бірін сыйлауға, өзара тату болуға, қолындағы барын бөлісіп жеуге баулу. Жемістерді күтіп – баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | Құстардың қысқы тіршілігі. | Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру; Сабақ барысында орындалатын тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту; Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | Нан дастарханға қалай келдің. | Бауырсақтың дастарханға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлей білуге үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | 1 |
| 20 | Токтар бала | Ғарышқа тұңғыш ұшқан қазақ Токтар Әубәкіровтың ерлігін балаларға түсіндіру. Балаларды батылдыққа, төзімділікке, еліне адал азамат болуға тәрбиелеу. Оз ойларын еркін жеткізе білуге баулу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | |
| 21 | Алтын бала С.Тұрдалиев | Балаларды өзіне тапсырылған істі тиянақты орындауға, отбасында, достардың ортасында жауапкершілікті болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 22 | Шаттықшак | Шаттық күндер екенін түсіндіріп, балалардың мерекелік көңілін көтеру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге баулу, таппак, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 23 | Біз мектепке барамыз | Мектеп, мектепке қажетті құралдар туралы түсінік беру. Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сөйлем, әңгіме құрастыра білуге дағдыландыру. Білімпаз болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 24 | Қыс қызығы | Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру. Табиғатты бақылауға, қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | Қызыл кітап құпиясы | Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру. Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру. Табиғатты баулу. | 1 |
| 26 | Жаңа жылым – | Қыс туралы білімін бекіту. Жаңа жыл қызықты, | 1 |

| | | | |
|----|--|--|---|
| | келді. | отбасылық мерекесіне деген қызығушылығын арттыру | |
| 27 | Ормандағы Шырша тойы | Балаларға әңгімені тыңдата отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ормандағы аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 28 | Киіз үй жабдықтары | Киіз үй жабдықтарымен танысу. Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу | 1 |
| 29 | «Қарлығаш пен Дауіт» ертегісі | Ертегіні тыңдата отырып, қарлығаш адамға дос екенін түсіндіру. Қардан аққала соғып, қар камалдар тұрғызуға болатынын үйрету. | 1 |
| 30 | Қысқы еңбек | Балалардың қыс мезгілінде орындалатын еңбек түрлері туралы түсініктерін толықтыру. | 1 |
| 31 | Табиғат бұрышындағы тіршілік | Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту | 1 |
| 32 | «Сәруар» ертегісі | Ертегіні оқу арқылы балаларды батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 33 | Ана біздің гүліміз. | Отбасындағы ананың рөлі туралы түсінік беру. Балалардың өздеріне аналары жайлы әңгімелету арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық туралы түсінік. Ананы қадірлеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 34 | Туған өлкем. | Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. | 1 |
| 35 | Ағайынбыз бәріміз Ә. Дүйсенбиев | Достық, ынтымақ сөздерінің маңыздылығын түсіндіру. Сыйластық, татулық туралы түсініктерін кеңейту. | 1 |
| 36 | Ерлік көрсеткен аталарымыз. Қ. Жұмағалиев | Балалардың «бейбітшілік» туралы түсініктерін бекіту. Патриоттық сезімге, достыққа тәрбиелеу. Көз қырағылығын нығайту. | 1 |